

Қ. Әбдіәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі педагог-психологтарының 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар жайлы жазбаша мәлімет

2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың педагогикалық психологиялық қабілеттерін зерттеу барысында біршама жұмыстар атқарылды. Оқушыларға саналы тәрбие тәрбие, сапалы білім беру мақсатында мектепте психологиялық сауалнамалар алынып, ең қажетті және кеңінен пайдаланылатын өзін-өзі реттеу тренингтер өткізілді. Жүргізілген жұмыстарға есеп беріліп, хаттамалар жазылды. Психологиядағы диагностика, түзету-дамыту, алдын-алу, ағарту, кеңес беру 5 бағыттар бойынша ата-аналармен, оқушылармен, ұжыммен жұмыстар жүргізілді. Жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін, мінез-құлықтарын анықтауға сауалнамалар алынып, түзету-дамытуға кеңесберу жұмыстары, тренинг сабақтар жүргізілді.

Бестерек жобасы бойынша далалық, кабинеттік талдау жұмыстары жүргізіліп, рефрейм орталығына есептер тапсырылды. Ол бойынша оқушылардың қай деңгейі екені анықталып түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді, қызыл деңгейге енген 1 оқушыға жеке жоспар түзіліп, топтық және жеке жұмыстар жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының сабағына ену арқылы, оқушылардың білім деңгейі, орта буынға бейімделу адаптациясы, темперамент типтер анықталды.

Тамыз айында жаңа оқу жылына диагностика, түзету-дамыту, алдын-алу, ағарту жұмыстары бойынша жоспарлар жасалынып бекітілді. Бестерек жобасы аясында кабинеттік талдау, далалық зерттеу материалдары жинақталды.

Тамыз айының 25-30 аралығында бірінші сыныпқа қабылданған оқушылардың оқу мотивациясын анықтау үшін балаларға жас ерекшелігіне қарай сұрақ-жауап, суретті әдістемелер Керн -Ирасек әдістемесі бойынша ер адамның бейнесін салу арқылы зерттеу жүргізілді. Өткізілген зерттеулер бойынша оқушылар үш деңгеге бөлінді. Жалпы бірінші сынып бойынша оқушылар саны 50 бала. Жоғарғы деңгейде 12, орта деңгейде 34, төменгі деңгейде 4 оқушы бөлініді. Төмен деңгейдегі оқушылармен қыркүйек айына қосымша жұмыстардың жоспарлары жасалынды.

Қыркүйек айында диагностика түзету-дамыту жұмыстары бойынша материалдар дайындалды.

1-5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша «Мен» өзін бағалау деңгейлері анықталып, 5-сынып оқушыларымен тренинг жаттығулар жүргізілді.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты дамыту сабақтары түзілді. «5-ші сынып дегеніміз не?», «Сөйлемді жалғастыр», «Мен қандаймын», «Сезім әлемі» жаттығулары өткізілді.

Бірінші сынып оқушыларының және мектепке жаңадан келген оқушылардың темперамент типтері анықталды. Жаңа оқу жылында оқушылардың психологиялық карталары жаңартып толтырылды. Оқушылардың мектепке бейімделу адаптациясына ата-аналарға, мұғалімдерге кеңес берілді.





Бестерек жобасы аясында кабинеттік талдау бойынша әлеуметтік педагогтардан, медбикеден, мектеп инспекторынан, сынып жетекшілерден мектеп бойынша денсаулығы жағынан, әлеуметтік педагогтардың санатында тұратын оқушылардың тізімдері жинақталды.

Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау жұмыстары жүргізілді.

Қазан айының 1-2 аптасында Бестерек жобасы аясында 5-11 сыныптарға далалық зерттеу жұмыстары алына бастады.


Далалық зерттеу бойынша 5-8 сыныптарынан «Менің обасым», «Менің ең жақын досым», «Менің арманым» тақырыбында эссе психологиялық сауалнама, Үй адам ағаш! Суретті әдістеме алынды.

Сұраныс бойынша оқушылармен жұмыс.



Сұраныс бойынша 6-Б сынып оқушыларымен жоспар түзіліп, психологиялық диагностика, түзету-дамыту, ағарту, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

6-Б сыныбының ата-аналарымен «Бала тәрбиесі» жайлы дөңгелек үстел өткізілді. Тренинг барысында оқушылардың тәрбиесі, қазіргі білім алу жүйесі, бағалануы жайлы тренинг сабақ жүргізілді. Ата-аналарға психологиялық кеңестер, бейнероликтер, тәжірибе көрсетілді.



Сұраныстар бойынша журналдарға тіркеліп, жеке, топтық жұмыстар жүргізілді. Оқу бағдарламасын меңгеру барысында үлгерімі, қабылдауы төмен оқушылар есепке алынып, жеке жоспар жасалынды.

Қараша, желтоқсан айларында барлық сынып бойынша оқушылардың психологиялық карталары толтырылды. Оқушының отбасы құрамы, ата-анасының қызметі, баланың сабақ үлгерімі, темпераменті, қызығушылығы, оқыту тәрбиелеу барысында кездесетін жағдайлары қамтылды.

9-11 сынып оқушыларынан «Бестерек» жобасы бойынша «Үй, адам, ағаш», «Менің болашақ арманым» тақырыбында эссе алынды.

11 сынып оқушыларынан бейінді мамандық бағытын анықтауға Климовтың мамандық таңдау ДДС тесті алынды.

11 сынып оқушыларынан алынған ДДС сауалнамасының қорытындысы

№	Оқушының аты-жөні	Мамандық бағыттары
1	Абдрахман Оразбек Қалдыбекұлы	адам-техника
2	Алдан Нұрай Бауыржанқызы	адам-адам адам-белгілеу жүйесі
3	Батыр Бақдаулет Қонайұлы	адам-белгілеу жүйесі
4	Бахыт Дина Ғалымжанқызы	адам-техника
5	Бөртаев Мағжан	адам-адам
6	Елен Сағи Қайратұлы	адам-көркем бейне
7	Ерген Балжан	адам-техника
8	Ибрагимов Дамир Ержанұлы	адам-техника
9	Исмайл Шапағат Шойбекқызы	адам-адам
10	Кенжекүл Сержан	адам-техника
11	Қалдаш Гулназ Даниярқызы	адам-табиғат адам-көркем бейне
12	Қасымбек Балауса	адам-адам
13	Мелдебек Жақсылық Берікұлы	адам-техника адам-белгілеу жүйесі
14	Нұржігіт Балғынбек	адам-табиғат
15	Рахматулла Ақжайық Ғабитқызы	адам-адам
16	Рүстем Ниетбек Есенбекұлы	адам-адам
17	Срайлов Бибарыс Бахдаулетұғли	адам-белгілеу жүйесі
18	Төрехан Даурен	адам-адам
19	Убайдулла Нұрдаулет Мейіржанұлы	адам-адам
20	Фатай Нұрғиса Жасарқызы	адам-адам
21	Шады Ақарыс	адам-техника
22	Шахар Руслан Есімханұлы	адам-адам

Мамандық бағыттары бойынша оқушыларға таныстырып, мамандық түрлері бойынша кеңес берілді.

8 а,ә сыныбымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Мен үшін өмір қымбат» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді.

7-11 сынып қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын-алу бойынша «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» атты тақырыпта дөңгелекүстел өткізілді.

Зорлық зомбылық, құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша 5-10 сынып оқушыларынан анонимді сауалнама алынып, нәтижесі бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



Қаңтар, ақпан айларында «Бестерек жобасы» бойынша екінші жарты жылдық мәліметтер алынып, рефрейм орталығына есеп тапсырылды.



Ерте жүктіліктің алдын-алу бойынша «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында 7-11 сынып қыздарына семинар сабақ өткізілді. Сабақта мектеп медбикесі З.Қалдыбаева қыздардың жеке бас гигиенасына тоқталды. Жасөспірімдердің физиологиялық даму ерекшеліктеріне психолог Г.Мырзахметова тоқталып өтті. Психологиялық кеңес беру бейнероликтері көрсетілді.

Қыздар арасында қыздар клубының жетекші қыздары оқушы қыздармен жеке жұмыс жүргізді.

Кәсіби бағдар бойынша 9,11 сыныптарға «Мен мамандық әлеміндемін», «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыптарда тренинг сабақтар өткізілді.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Суретті әдістемелер, сауалнамалар, бақылау әдістері жүргізіліп, нәтижесі бойынша қабылдау қабілетінде кешуілдеп дамуы бар оқушылардан 5 оқушы анықталып, оларға түзету-дамыту сабақтары бойынша жоспар түзіліп жеке жұмыстар жүргізілді.

Жасөспірімдердің арасындағи экстримизмнің, интернет сайттары бойынша алдын-алу жұмыстары жүргізілді.

Интернет желісі бойынша 5-10 сыныптар арасында кибербуллинг және буллинг тақырыптары бойынша презентация, бейнероликтер көрсетіліп сабақ өткізілді. Кибербуллинг алдын-алу жолдары түсіндірілді. Бұлжағдайға тап болғанда шығу жолдары көрсетілді. Бұл сабаққа сыныптар толығымен қатыстырылды.



Наурыз айында **«ОТБАСЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП ТӘРБИЕ ОШАҒЫ»** тақырыбында өтетін ,психологиялық айлығының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

Психологиялық айлығының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Дәліздер безендіріліп, тақырып ілінді.



Мектептегі психологиялық ақуалды зерттеу бойынша ұжымдағы мұғалімдердің, оқушылардың бір – бірімен қарым – қатынасы, әлеуметтік психикалық көңіл-күйі, ұжымның психологиялық ақуалын бағалауға түрлі әдістемелер, тренинг сабақтар жүргізілді. Дж.Моренонның «Социометрия»

әдістемесі, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты анықтауға «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы, "Мұғалімнің әдептілігі" сауалнамасы алынды.

«Мұғалім оқушы көзімен» сауалнама алынды. Сауалнамаға 5 -11 сынып оқушылары қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар 7 сұраққа жауап берді. Оқушылардың мұғалімдермен, сынып жетекшілермен қарым-қатынасы жақсы. Кейбір теріс пікір білдірген оқушылардың жұмыстарымен мұғалімдерге кеңес берілді.

Социометрия әдістемесі бойынша сыныптың ұйымшылдық деңгейінің көрсеткіші шығарылды. 50 пайыздан төмен болған сыныптармен түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.

Қарым-қатынасты дамытуға жаттығулар, тренинг сабақтар, бейнероликтер көрсетілді.



Бастауыш сынып оқушылары арасында «Менің отбасым» тақырыбында сурет салдырып, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Бұл әдістеменің мақсаты баланың отбасына деген сүйіспеншілігі, отбасындағы өзіндік орны, отбасындағы жақын адамды анықтау. Әдістеменің интерпретациясы жасалынып, ата-аналарға кеңес берілді.

Балаларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында 9-11 сынып оқушылар арасында имаммен кездесу өткізілді. Кездесуге ауыл имамы, дінтану пәнінің мұғалімі Қалшабеков Б, мектеп директоры Е.Оспанов, педагог-психолог Өрісбаева А қатысты. Кездесу барысында адам бойындағы рухани құндылықтар, адамгершілік, ізеттілікке тәрбиелейтін насихат сөздер айтылды.



Мұғалімдердің бойындағы агрессия деңгейін анықтауға, мұғалімнің конфликтогенділігіне тест, жұмысқа мотивациясын анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді. Мұғалімнің ашушандығы бақылау. Сауалнама дайындалып мұғалімдерге таратылды мұғалімдердің ашушандығын қалай басқаруын анықталды. Мұғалімдердің басым бөлігі өз ашуын басқара алатындығын көрсетті.

Оқушылардың бойындағы аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділігін анықтау үшін «Бес терек» жобасы негізінде далалық және кабинеттік зерттеулер жүргізілді. Кабинеттік, далалық талдау негізінде алынған нәтижелер бойынша тәуекел топқа алынған балалармен жеке жұмыс жоспары түзіліп оқушылармен диагностикалық, түзету-дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Тәуекел топтың қызыл деңгейіне алынған екі оқушы әрдайым бақылауда, жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілуде.



Жас мамандар арасында «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында тренинг сабақтары өткізілді. Тренинг сабақтың мақсаты: жас мамандар өз мамандықтарының қызығын, қиындығын, жеткен жетістігін қорғау, психологиялық ситуациялық сұрақтарға жауап беру, баламен қарым-қатынас жасауға, ұжыммен қарым-қатынас барысына кеңес берілді.



Ата – аналар үшін ашық есік күні ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушыларының ата –аналарынан 6 ата – анаға кеңес жұмыстары жүргізілді.

Нейролингвистикалық бағдарлау бойынша 8-11 сыныптар арасында шеңбер жаттығуы өткізілді. Шеңбер жаттығуы бойынша ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар шеңберге алынып өз бойындағы қиындық туралы достарымен бөлісіп оқушылар сол қиындықтарды жеңу жолдары туралы өз пікірлерін айтып психологтық кеңестер берілді. Оқушылар өздерінің бойындағы жақсы ресурстарды анықтап, дамыту жолдарын үйренді.



Наурыз айында жемістер жәрмеңкесі және алғыс айту аллеясы өткізілді. Жемістердің құрамында баланың таным процестеріне пайдасы көп дәрумендерге бай жемістер құрамы жайлы мектеп медбикесі мен бірігіп түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға өздері ұнататын жемістерінен түсінік үлестірме қағаздары, жемістер берілді.



«Алғыс айту» күніне орай оқушылар мен мұғалімдер арасында бір –біріне жағымды психологиялық қарым-қатынас орнату үшін жақсы тілектер, оқушылар мұғалімдерге құтықтау грамоталары, флэшмоб ұйымдастырылды. Жақсы тілекпен ұстаздардың қолдарына ленталар тағылды.




13 наурыз күніне «Көрісу күніне» орай бір – бірімізге кешірімді болып, жақсы тілектер айтылды.



8-11 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын – алу бойынша» түсіндіру жұмыстары, бейнеролик бойынша сабақ өткізілді.



9,11 сынып оқушыларына «Мамандық бағыттары бойынша» тренинг сабағы өткізілді.



Наурыз айында ата- аналарға балалар арасындағы аутодеструктивті мінез- құлықтың алдын-алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдердің интернет желісін пайдалану, буллинг,

кибербуллинг, құқықбұзушылық тақырыптарында презентация жасалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.




Сәуір айында «Бестерек жобасы бойынша» қызыл деңгейге анықталаған оқушыға М.Люшердің «Түрлі түстер»тесті, «Аяқталмаған сөйлем», «Мен кімін» әдістемелері алынып, оқушыға бойындағы жақсы ресурстарын дамытуды, өз эмоцияларын басқаруды үйрету, Асимов бойынша өзін-өзі басқаруды үйрету жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында карантин кезінде оқушылардың басынан өткен қорқыныш, қобалжу эмоцияларын «Мая және оның достары» тақырыбында комикс кітапшалары мен бейнероликтер арқылы түсіндіру сабақтары өткізілді. Оқушылар өз эмоцияларын басқарудың жолдарын көрді. Бұл комикс кітапшалары 3 бөлімнен тұрды. Басындағы қобалжу, мектеп басталғандағы жағдай, соңында қорқынышты жеңу жолдары жайлы айтылды. Бейнероликтерді көру арқылы оқушылар өз ойларымен бөлісіп, соңында кері рефлексия берді.



Тәжірибе алмасу мақсатында мамыр айында «Еңбекші» жалпы білім беретін мектебінде үштілділік бойынша аудандық семинарда мұғалімдер арасында тренинг сабақ өткізілді.



Үйде оқытылатын оқушылар Мажитов Жолдыбай, Бақыт Азамат, Ақжолтай Қарақат диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, түзету-дамыту сабақтары жүргізіліп отырды. Оқушыларды психологиялық көңіл-күйлері бақыланып, ата-аналарымен кеңес беру жұмыстары жүргізіліп отырды.

11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында қобалжудың алдын-алуға, психологиялық тұрғыда дайындалуға кеңестер, жаттығу сабақтары жүргізіліп отырды.

Жүргізілген жұмыстарға анықтамалар, хаттамалар жүргізіліп, толтырылып отырды. Жүргізілген жұмыстар топтық, жеке, кеңес беру журналдарына тіркеліп толтырылып отырды. Сұраныс журналына тіркелген сұраныстар бойынша оқушымен жеке, ата-анасымен, топпен, мұғалімдермен жұмыс жүргізілді.

Педагог-психолог: Г.Мырзахметова